

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ  
Директорлар Кеңесі  
«БЕКІТКЕН»  
2023 жылғы «41/23» 13 қарашадан хаттама

**ФИЗИКАЛЫҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ – БАНК ҚАРЫЗГЕРЛЕРІНІҢ МҮЛКІН  
ЗАЛАЛДАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(ҮЛГІЛІК ТАЛАПТАР)**

«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ  
Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру қағидаларының  
№1 ҚОСЫМШАСЫ

Алматы, 2023 ж.



**ФИЗИКАЛЫҚ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ – БАНК ҚАРЫЗГЕРЛЕРІНІҢ МҮЛКІН ЗАЛАЛДАН ЕРІКТІ  
САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(ҮЛГІЛІК ТАЛАПТАР)**



**«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ  
Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру қағидаларының  
№1 ҚОСЫМШАСЫ**

<b>Сақтандыру класы:</b>	Мүлікті залалдан ерікті сақтандыру.
<b>Сақтандырушы:</b>	«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ ҚР, 050059, Алматы қ., Н. Назарбаев даңғылы, 244 а Тел. 8 (727) 331-12-31, 8 (727) 331-16-81, 8 (727) 331-76-94 БСН 940440000910 ЖСК KZ697225000004018086 "KASPI BANK" АҚ, БСК CASPKZKA Резидент белгісі – резидент Экономика секторының коды – 5, Бек 15.
<b>Сақтанушы:</b>	Сақтандыру полисі (бұдан әрі Полис деп аталады) бойынша Сақтанушы банк қарызгері болған жеке тұлға.
<b>Пайда алушы:</b>	1) 1-ші кезектегі Пайда алушы: Сақтандырылған мүлікті кепілге қою арқылы несие берген банк (бұдан әрі Банк деп аталады) несие берешегінің қалдығы шегінде (Сақтанушы сақтандыру жағдайы туындаған күнге қайтармаған негізгі борыш сомасы); 2) 2-ші кезектегі пайда алушы: Сақтанушы, сақтандыру төлемінің сомасы мен сақтандыру жағдайы туындаған күнге қайтарылмаған қарыз сомасы арасындағы айырма шегінде.
<b>Сақтандырылған тұлғалар:</b>	Полис бойынша Сақтандырылған тұлға – Сақтанушының өзі және Сақтанушы Сақтандырылған тұлғалар ретінде көрсеткен өзге жеке тұлғалар.
<b>Сақтандыру объектісі:</b>	Сақтанушыға меншік құқығы бойынша тиесілі, Банк және Сақтанушы арасында жасалған қарыз шарты бойынша кепілдікке берілген жылжымайтын мүліктің залалына, жоғалуына (қирауына), бүлінуіне әкелген залалдардың туындауына байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері.
<b>Сақтандыру жағдайы:</b>	Полис бойынша сақтандыру жағдайлары – мүліктің залалына, жоғалуына (қирауына), бүлінуіне әкелген оқиғалар, олардың себебі: 1) өрт, жарылыс, найзағайдың түсуі; 2) Сақтанушы үшін бөтен, көршілес үй-жайлардан (пәтерлерден, үй бөлігінен) судың кіріп кетуі нәтижесінде су құбыры, кәріз, жылыту жүйелеріне залал келтірілуі; 3) табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны, су басуы, дауыл, құйын, қарақұйын, көшкін, топырақтың шөгуге, опырылуы, тастың құлауы, қар көшкіні, сел, бұршақ); 4) соқтығысу, соққы (көлік құралдарының сақтандырылған мүлікті қағып кетуі); 5) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері, атап айтқанда: бұзып ұрлау, тонау, қарақшылық. 6) басқарылатын ұшу аппараттарының немесе олардың бөліктерінің құлауы.
<b>Сақтандыру сомасы:</b>	Сақтандыру сомасы Полисте белгіленеді және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі. <u>Осы Бағдарламада 100 000 000 (жүз миллион) теңгеге дейінгі (қоса алғанда) сақтандыру көзделген, көрсетілген сомадан асқан кезде, Андеррайтинг департаментінің келісімін алу керек.</u>
<b>Сақтандыру тарифі:</b>	Сақтандыру тарифі – Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен класс бойынша тариф шегінде бекітіледі (0,01 % - 10,53 %).
<b>Сақтандыру сыйлықақысы:</b>	Сақтандыру сыйлықақысы Полисте белгіленеді және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.
<b>Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:</b>	Полис бойынша сақтандыру сыйлықақысы Шартта көрсетілген мерзімде ақшаны Сақтандырушының банк шотына аудару жолымен немесе Сақтандырушының кассасына енгізу жолымен біржолғы төлеммен немесе бөліп төлеу арқылы төленеді.
<b>Шартсыз франшиза:</b>	Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.
<b>Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпарат:</b>	Бағдарламада Полистерді «BASEL» сақтандыру компаниясы» АҚ серіктестері арқылы рәсімдеу қарастырылған.
<b>Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:</b>	Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.
<b>Сақтандыру аумағы:</b>	Қазақстан Республикасы, сақтандырылған мүліктің орналасқан жерінің мекенжайы.
<b>Полистің қолданылу мерзімі:</b>	Полис Полисте көрсетілген кезеңде 12 ай бойы қолданылады. Сақтандыру арқылы қорғау кезеңі сақтандыру сыйлықақысы төленген сәттен басталады. Полистердің қолданылу мерзімі бір рет немесе бұдан әрі ұзарту мүмкіндігімен 12 айдан аса мерзімге ұзартылуы мүмкін, бірақ Полисті алғашқы жасасқан күннен бастап 5 жылдан аспауы тиіс.
<b>Қосымша талаптар:</b>	Қарастырылмаған.
<b>Полисті жасасу үлгісі:</b>	Қағаз түрінде немесе электрондық түрде рәсімдеу арқылы беріледі.
<b>Өтініш-сауалнаманы жасасу үлгісі:</b>	Қағаз түрінде немесе электрондық түрде рәсімдеу арқылы беріледі.

## ҮЛГІЛІК ТАЛАПТАР

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Үлгілік талаптар (бұдан әрі Үлгілік талаптар деп аталады) Банк қарызгерлерінің – жеке тұлғалардың мүлкін залалдан ерікті сақтандыру полистерін (бұдан әрі Полис деп аталады) электрондық түрде жасасу мақсаттары үшін әзірленген.
- 1.2. Осы Үлгілік талаптар келесі құжаттарға сәйкес әзірленген:
  - 1) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі;
  - 2) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы заңы.
- 1.3. Үлгілік талаптарда келесі ұғымдар қолданылады:
  - 1.3.1. Жылжымайтын мүлік – көпжылдық көшеттерді, асфальт жабындары мен өзге де ұқсас жабындарды, сондай-ақ жермен тығыз байланысты жер телімдерінің өздерін қоспағанда, ғимараттар, құрылыстар және өзге мүлік, яғни мақсатына мөлшерлес залалсыз көшірілуі мүмкін емес нысандар;
  - 1.3.2. Нарықтық (нақты) құн дегеніміз – ең ықтимал баға, ол бойынша мәміленің тараптары жылжымайтын мүлік туралы барлық қолжетімді ақпаратқа иелене тұра әрекет ететін кезде, бәсекелестік шарттары бойынша жасасқан мәміле негізінде осы нысан иеліктен шығарылуы мүмкін;
  - 1.3.3. Теңгерім құны (есептік сома) дегеніміз – жылжымайтын мүліктің бастапқы немесе ағымдағы құны (жинақталған амортизация сомасын шегергенде), ол бойынша олар есептік күнгі бухгалтерлік теңгерімде (есепте) көрсетіледі.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 2.1. Сақтанушының құқықтары:

- 2.1.1. Үлгілік сақтандыру талаптарымен және Полистің басқа да талаптарымен танысу;
- 2.1.2. Сақтандырушының келісімімен Полистің талаптарын өзгерту;
- 2.1.3. сақтандыру жағдайы туындаған кезде, Полисте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алу;
- 2.1.4. сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына қатысты сотқа шағымдану;
- 2.1.5. Полисте көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде Полисті мерзімінен бұрын бұзу;
- 2.1.6. Полисте, Сақтандыру бағдарламасында және қағидаларында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтары.

#### 2.2. Сақтанушының міндеттері:

- 2.2.1. осы Сақтандыру Полисін жасасқан кезде, бұл мән-жайлар Сақтандырушыға мәлім болмаса және мәлім болуы тиіс болмаса, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін зор маңызы бар өзіне мәлім мән-жайларды хабарлауға міндетті;  
Осы Сақтандыру Полисінің өтініш-сауалнамасында елеулі мән-жайлар ретінде белгіленген мән-жайлар елеулі деп танылады;
- 2.2.2. Полистің қолданылу кезеңі ішінде сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі әсер тигізуі мүмкін өзгерістер болса, онда Полис жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардың өзіне мәлім болған елеулі өзгерістері туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, өтініш-сауалнамада көрсетілген сұрақтарға жауап беру жолымен Сақтандырушыға хабарлау. Полисті жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгеріс маңызды деп танылады;
- 2.2.3. Полистің қолданылу кезеңінде сақтандыру нысанына қатысты қолданылатын, жасалған және жасалатын барлық басқа сақтандыру полистері/шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау;
- 2.2.4. Полисте белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу;
- 2.2.5. жылжымайтын мүлікке берілген меншік құқығы немесе басқа да заттық құқықтар туралы даудың туындау себебі болуы ықтимал талап арыздың, қандай да бір кінәрат-талаптың Сақтанушыға қойылғаны туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірместен Сақтандырушыға хабарлау;
- 2.2.6. Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдерді тапсыру және Сақтандырушы өзіне өткен талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажет барлық мәліметтерді хабарлау;
- 2.2.7. Сақтандырушы сұратқан, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажет барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;
- 2.2.8. егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімдері ішінде заң бойынша немесе Полис бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға негіз болған мән-жай анықталса, Сақтандырушы жазбаша хабарлаған сәттен бастап, 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемінің бүкіл сомасын қайтару;
- 2.2.9. Полисте, Сақтандыру бағдарламасында және Сақтандыру қағидаларында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді жасау.

#### 2.3. Сақтандырушының құқықтары:

- 2.3.1. өзіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеру, соның ішінде ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларын не болмаса нотариус куәландырған көшірмелерін салыстыру үшін талап ету;
- 2.3.2. ақылға қонымды кез келген уақытта Сақтанушының Полис талаптарын орындауын тексеру, сондай-ақ Сақтанушының меншік құқығы туралы қажетті құжаттаманы талап ету, бұл ретте Сақтанушының оған кедергі келтіруге құқығы жоқ;
- 2.3.3. Сақтанушының Полис талаптарын бұзғаны анықталған кезде Сақтандырушы оларды жою жөнінде жазбаша нұсқаулар беруге құқылы, олар Сақтанушы үшін міндетті болады;

- 2.3.4.** сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайын өз бетінше анықтау, соның ішінде құзыретті органдарға сауал салу, ал қажет болған кезде, залал сомасын анықтау мақсатында сараптама тағайындау. Бұл жағдайда Сақтандырушы өзін қызықтыратын ақпаратты алғанша сақтандыру төлемін төлеу туралы мәселені қарастыру мерзімін ұзартуға құқылы;
- 2.3.5.** егер тергеу органдары Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға қарсы сотқа дейінгі тергеуді қозғаса және/немесе залалдың келтірілуіне әкелген жағдайларды тергеуді жүргізсе, Сақтанушыға міндетті түрде хабарлау арқылы 9 (тоғыз) айға дейінгі мерзімге сақтандыру төлемінің мерзімін ұзарту;
- 2.3.6.** егер сақтандыру жағдайы Полистің талаптарын бұзу салдарынан, сондай-ақ Полисте көрсетілген негіздер бойынша туындаса, Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту;
- 2.3.7.** Полисте көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде Полисті мерзімінен бұрын бұзу;
- 2.3.8.** заңнаманы сақтау мақсатында Полис пен Үлгілік сақтандыру талаптары аясында ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялардың жүргізілуін тоқтату/бас тарту;
- 2.3.9.** Полисте, Сақтандыру бағдарламасында және Сақтандыру қағидаларында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтары.
- 2.4. Сақтандырушының міндеттері:**
- 2.4.1.** сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 2.4.2.** Сақтанушыны Полис, Бағдарлама шарттарымен және Сақтандыру қағидаларымен таныстыру, сондай-ақ оның талабы бойынша Бағдарлама мен Сақтандыру қағидаларының көшірмесін ұсыну (жіберу);
- 2.4.3.** сақтандыру жағдайының туындағанын, оның туындау себептерін, залал мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алу құқықтарын растайтын барлық қажетті құжаттар болған кезде, Полисте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін төлеу;
- 2.4.4.** Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Зардап шегуші (Пайда алушы) не болмаса олардың өкілі сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда құжаттардың жетіспеушілігі анықталған сәттен бастап, 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларға хабарлау;
- 2.4.5.** Полисте және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа міндеттер.

### **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ**

- 3.1.** Сақтандыру жағдайының туындағанын, сондай-ақ келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының міндетіне кіреді.
- 3.2.** Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие немесе сақтандыру жағдайының туындауына әкелуі ықтимал оқиға орын алған кезде, Сақтанушы келесі әрекеттерді жасауға міндетті:
- 3.2.1.** оқиғаның құзыретті органдарда құжатпен рәсімделуін қамтамасыз ету;
- 3.2.2.** сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған сәттен бастап, 7 (жеті) жұмыс күні ішінде бұл жөнінде Сақтандырушыға кез келген байланыс құралымен хабарлау, сондай-ақ туындауы Сақтандырушыны сақтандыру төлемін төлеуге міндеттейтін оқиғаның себептері, барысы және салдары туралы, сондай-ақ келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы ой түюге мүмкіндік беретін барлық қолжетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсыну;
- 3.2.3.** Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындағаны туралы хабарламау немесе уақытылы хабарламау Сақтанушының еркіне байланысты емес себептермен болған және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындағаны туралы хабарламау немесе уақытылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына негіз болады;
- 3.3.** Сақтандырушы мен оның өкілдері сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаны реттеуге қатысуға, Сақтанушыға бұл үшін қажетті шараларды қолдануға нұсқаулар беруге құқылы.

### **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

- 4.1.** Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандыру төлемін төлеуге қажет құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша түрде қояды.
- 4.2.** Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы өтінішпен бірге келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:
- 4.2.1.** сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы өтініш;
- 4.2.2.** ЖСН көрсетілген жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлға үшін), сақтандыру компаниясында істерді жүргізу құқығына және сақтандыру төлемін алуға берілген сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүдделеріне өкілдік еткен жағдайда);
- 4.2.3.** мүлікке құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелері: сатып алу-сату шарты, айырбас шарты, сыйға тарту шарты, заң немесе өсиет бойынша мұрагерлік құқығы туралы куәлік, асырауындағы адаммен өмір бойы асырау шарты (рента), жекешелендіру туралы шарт, құрылысқа үлестік қатысу туралы шарт және т.б., техникалық паспорт (экспликация, қабат бойынша жоспардың көшірмесі, кадастрдан үзінді көшірме);
- 4.2.4.** сақтандыру жағдайының туындағанын растайтын өкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары: өрттен қорғау қызметінің актісі, қылмыстық істі қозғау туралы қаулы, апаттық қызмет (газ, су құбыры) актісі, Қазгидромет анықтамалары, ТЖ органдарынан алынған анықтамалар және басқалары;
- 4.2.5.** сақтандыру жағдайының туындау себепін анықтайтын құжаттар, өрттен қорғау қызметінің қорытындылары, сараптама актілері, құқық қорғау органдарының құжаттары (қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулылар) не болмаса сот үкімі және басқалары;

- 4.2.6. келтірілген залалдардың мөлшерін дәлелдеу үшін: тәуелсіз сараптау (бағалау) ұйымдарының қорытындылары және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын өзге құжаттар.
- 4.2.7. сақтанушыны, сақтандырылған тұлғаны, пайда алушыны, олардың өкілдерін және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажет құжаттар.
- 4.3. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы сақтандыру жағдайының туындағанын және келтірілген залалдар мөлшерін растайтын өзге дәлелдерді ұсынуға құқылы.

### 5. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

- 5.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім шығару үшін қажет барлық құжаттарды алған сәттен бастап, 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім шығаруға және сақтандыру төлемін төлеуге не болмаса сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім шығаруға міндетті, ол Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) бас тарту себебінің негізді дәйектемесін береді.
- 5.2. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына сотқа шағымдануы мүмкін.
- 5.3. Сақтандырушы сақтандыру жағдайын немесе залалдардың мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына дәлелді түрде күмәнданса, Сақтанушыға міндетті түрде хабарлау арқылы осындай құжаттардың түпнұсқалығын растау үшін 3 (үш) айға дейінгі мерзімде сақтандыру төлемі туралы шешім шығару мерзімін кейінге ұзартуға құқылы.
- 5.4. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының туындағаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы келесі әрекеттерді жүзеге асырады:
- 5.4.1. хабарламаны дереу тіркейді және ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы өтініш берушіге береді;
- 5.4.2. сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның орын алу фактісін анықтайды;
- 5.4.3. сарапшыларды, апат комиссарларын тарту қажеттілігін анықтайды;
- 5.4.4. Сақтанушының өтінішінде берілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді;
- 5.4.5. залалдың келтірілуіне себеп болған оқиғаның туындау фактісі мен себептерін анықтайды;
- 5.4.6. оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілейді;
- 5.4.7. сақтандыру жағдайының туындау фактісін, залал мөлшерін анықтау бойынша өзге әрекеттерді жүзеге асырады.
- 5.5. Сақтандыру төлемі франшиза туралы талаптың қолданылуын ескере отырып, нақты залал мөлшерінде, бірақ Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшерінен астам емес көлемде төленеді.
- 5.6. Нақты залал мөлшері келесідей белгіленеді:
- 1) мүлік толық қираған, жойылған кезде – мүліктің бағалану құны мөлшерінде, бірақ амортизациялық тозуды ескере отырып, пайдалануға және жүзеге асыруға жарамды қалдықтарды шегергенде, Полисте көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайтын көлемде. Мүліктің толық қирауы (жойылуы) – мүлікті жөндеуге (қалпына келтіруге) жұмсалатын шығындар оның тозуы ескерілгенде, мүліктің нақты құнының 80%-нан асып кеткен мүліктің бүлінуі. Бүліну дәрежесі әр нысан бойынша бөлек анықталады;
  - 2) ішінара бүлінген кезде – мүлікті жөндеуге немесе қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар мөлшерінде немесе, егер мүлік жөнделмесе (қалпына келтірілмесе), құнының тиісті бөлігі мөлшерінде. Жөндеуге (қалпына келтіруге) жұмсалатын шығындар ішінде жөндеуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға, сондай-ақ жөндеу жүргізу жұмыстарының ақысын төлеуге жұмсалатын шығындар есептеледі. Жөндеуге (қалпына келтіруге) жұмсалатын шығындардан жөндеу барысында ауыстырылатын жеке бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың) және амортизациялық тозудың қалдық құны шегеріледі.
- 5.7. Егер Полисте белгіленген сақтандыру сомасы нақты құннан асса, ол Полисті жасасу сәтінде сақтандыру сомасынан асатын сақтандыру сомасының бөлігіне қатысты жарамсыз болып саналады.
- 5.8. Егер Полисті жасасу сәтінде сақтандыру сомасы нақты құннан төмен белгіленсе, сақтандыру жағдайы туындаған кезде, Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы нәтижесінде ұшыраған нақты залалының бөлігі мөлшеріндегі сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының келесі формула бойынша есептелетін нақты құнға пропорционал төлейді:

$$Q = T * (S / W) - F, \text{ мұндағы}$$

Q – сақтандыру өтемі

T – залалдың нақты сомасы

S – Полис бойынша сақтандыру сомасы

W – Полис мәнінің нарықтық құны

F – франшиза мөлшері

- 5.9. Сақтандыру төлемі сақтандыру төлемін төлеу туралы өтінішке сәйкес не болмаса заңнамалық актілерде белгіленген шектерде қолма-қол ақшамен немесе Сақтанушының/Пайда алушының банк шотына ақша аудару жолымен төленеді. Сақтандыру төлемінің күні – ақшаның Сақтандырушының банк шоты есебінен шығарылған күні. Сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасы – теңге.

### 6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ЖАЙТ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 6.1. Егер жылжымайтын мүліктің жоғалуы, қирауы немесе бүлінуі төмендегілердің салдарынан орын алса, бұл сақтандыру жағдайына жатпайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлемейді:

- 6.1.1. ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зақым әсері;
- 6.1.2. әскери іс-қимылдар, сондай-ақ маневрлер мен өзге де әскери іс-шаралар;
- 6.1.3. бүлік, ереуіл, локаут, халық көтерілісінің көлеміне айналатын немесе оған ұласатын азаматтық тәртіпсіздік, бүлікшілік, азаматтық толқу, әскери бүлік, төңкеріс, әскери басып алу немесе билікті тартып алу, тұлғаның кез келген ұйым атынан немесе онымен бірге жасаған лаңкестік әрекеттері;
- 6.1.4. Мәміле бойынша сатып алынған мүліктің мемлекеттік органдардың өкімі бойынша қолданыстан шығарылуы, тәркіленуі, мемлекет меншігіне алынуы немесе жойылуы және әскери немесе азаматтық биліктің және саяси ұйымдардың өкімі бойынша қолданылған саяси сипаттағы өзге ұқсас шаралар;
- 6.1.5. меншік иесінің сақтандыру мәнін иеліктен айыруы;
- 6.1.6. меншік иесінің мүлікке берілген меншік құқығынан бас тартуы;
- 6.1.7. Сақтанушының алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаю күйінде, сондай-ақ ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қабылдау салдарын қоса алғанда, өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмаған немесе оларды басқара алмаған күйде жасаған әрекеттері/әрекетсіздігі;
- 6.1.8. бірі Сақтанушы болып келетін тұлғалар арасында оларға ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлікке берілген меншік құқығына қатысты туындаған кінәрат-талаптар;
- 6.1.9. Сақтанушы қайтыс болған/көзі жойылған жағдайда оның мұрагерлері/құқықтық мұрагерлері арасында мүлікке берілген меншік құқығына қатысты туындаған кінәрат-талаптар;
- 6.1.10. Сақтанушы мен үшінші тұлға арасындағы қасақана және құжатпен расталған, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған келісім;
- 6.1.11. мүлік орналасқан жер телімінің мемлекеттік мұқтаждықтар мен мемлекеттік қажеттіліктер үшін қолданыстан шығарылуына байланысты меншік құқығының тоқтатылуы;
- 6.1.12. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 6.1.13. Сақтанушының/Пайда алушының міндеттемелері бойынша жылжымайтын мүлікті өндіріп алу өтініштері;
- 6.2. Сақтандырушы келесі жағдайда сақтандыру төлемін төлемейді:
  - 6.2.1. сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде Сақтанушыға салынған айыппұлды, өсімпұлды, тұрақсыздық айыбын және/немесе әкімшілік шаралар мен санкцияларды өтеу бойынша шығындар;
  - 6.2.2. Сақтандыру қағидаларында көзделген жағдайларда.
- 6.3. Егер Сақтанушының залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығындары Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жасалса, Сақтандырушы тиісті шаралардың сәтсіз болғанына қарамастан, осындай шығындарды өтеуі тиіс.
- 6.4. Сақтандыру төлемі төленгеннен кейін Полис өзінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, Полисте ескертілген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмаға тең сақтандыру сомасының мөлшерінде күшінде қалады.
- 6.5. Сақтандыру төлемі төленгеннен кейін Сақтанушы қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеп, қалған сақтандыру мерзіміне қосымша келісім жасасу жолымен Полис бойынша сақтандыру сомасын қалпына келтіруге құқылы.

#### **7. ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ**

- 7.1. Тарап келесі жағдайларды дәлелдесе, ол өзінің қандай да бір міндеттемесін орындамағаны үшін жауапты деп танылмайды:
  - 7.1.1. осындай орындамау өзінің бақылауында болмаған кедергінің нәтижесі болса;
  - 7.1.2. Полисті жасасқан кезде, одан Полисті орындау үшін осы кедергіні немесе оның салдарын назарға алатынын ақылға қонымды түрде күтуге болмаса;
  - 7.1.3. оның осындай кедергіні немесе тым болмаса оның салдарын ақылға қонымды түрде болдырмауға немесе оған төтеп беруге шамасы келмесе;
  - 7.1.4. Полис бойынша форс-мажор жағдайлары ұғымының аясына сақтандыру жасалатын оқиғалар кірмейді.
- 7.2. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Тараптар Полистің алдағы заңдық тағдыры туралы келісуге құқылы.

#### **8. ПОЛИСТІ ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ**

- 8.1. Сақтандыру арқылы қорғау кезеңі Полистің қолданылу мерзімімен үйлеседі. Полисте көрсетілген Полистің қолданылу мерзімі басталған күні Полис күшіне енеді.
- 8.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа Полис келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
  - 8.2.1. франшизаны қоса есептегенде, сақтандыру сомасы мөлшеріндегі сақтандыру төлемінің төленуі;
  - 8.2.2. Сақтанушының Полистен бас тартуы;
  - 8.2.3. соттың Полисті жарамсыз деп тану туралы шешім шығаруы;
  - 8.2.4. бір Тараптың жойылуы;
  - 8.2.5. Тараптардың Полисті мерзімінен бұрын тоқтату туралы келісімі;
  - 8.2.6. Полистің талаптары елеулі түрде бұзылған жағдайда бір Тараптың талап қоюы. Полис талаптарының елеулі түрде бұзылуы – бір Тараптың Полис талаптарын орындамауы немесе Полистің талаптарын орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың туындауы. Полистің талаптарын орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың туындау фактісі құжатпен расталуы тиіс.

- 8.3.** Бастама көтерген Тарап Полистің 8.2.2, 8.2.5 және. 8.2.6-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша Полисті мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа болжалды тоқтату күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға міндетті.
- 8.4.** Полистің 8.2.4 - 8.2.6 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша Полистің қолданылу мерзімінен бұрын тоқтатылған кезінде, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы сомасының 30%-ын құрайтын шығындарды шегергенде, сондай-ақ келесі формула бойынша есептелетін Полис бойынша аталмыш сақтандыру нысанына қатысты жасалған сақтандыру төлемдерін шегергенде, төленген сақтандыру сыйлықақысынан сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционал есептелген бөлікті ұстап қалуға құқылы:
- $$C = P - ((P / C_p) * K) - (P * 30\%) - B$$
, мұндағы:
- C** – қайтарылуы тиіс сақтандыру сыйлықақысы;
  - P** – Полиске сәйкес сақтандыру сыйлықақысының мөлшері;
  - C<sub>p</sub>** – Сақтандыру мерзімі (күндермен);
  - K** – пайдаланылған күндер саны;
  - B** – төленген/төленуі тиіс төлемдердің мөлшері;
  - 30%** – іс жүргізу үшін шегеру пайызы.
- 8.5.** Полистің қолданылуы Полис 8.2.1 және 8.2.2-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды.
- 8.6.** Полистің 8.2.5-тармағына сәйкес Полисті мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы Сақтандырушыға Полистің қолданылуын тоқтату туралы өтініш береді. Полисте және қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушы Полисті мерзімінен бұрын тоқтатудан бас тартуға құқылы. Полисті мерзімінен бұрын тоқтатуға келіскен жағдайда, Сақтандырушы Полистің талаптарымен сақтандыру сыйлықақысын қайтарады.
- 8.7.** Сақтанушы-жеке тұлға Шарттан бас тартқан кезде, ол жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және алынған (алған) сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын Сақтандыру шартын бұзумен байланысты шығындарды шегере отырып алынған (алған) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа және бұзуға байланысты шығындарға барабар қайтаруға міндетті.
- 8.8.** Сақтанушы-жеке тұлға Шарттан оның қарыз беруші алдында міндеттемелерді орындауы себебімен бас тартқан кезде сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақыт аралығына пропорционал сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын, сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтанушы жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.
- 8.9.** Сақтандыру сыйлықақысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарылады.
- 8.10.** Егер Сақтандырушы Сақтанушыға Полис бойынша қандай да бір сақтандыру төлемін жасаған болса немесе Шарт бойынша мәлімделген залал бар болса, онда бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыға қайтарылмайды.
- 1.1.** Полис мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасын алуы (банктегі шоттан ақшаны аударуы, қолма-қол ақшаға айналдыруы немесе Сақтандырушының кассасынан қолма-қол ақша алуы және т.б.) Сақтанушының қайтару сомасының мөлшерімен келісуі туралы тұжырым жасауға жеткілікті негіз болып саналады және алынған соманы даулаудың кез келген мүмкіндігін жоққа шығарады. Қайтару сомасының мөлшерімен келіспеген кезде, Сақтанушы қайтару сомасын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде жүгінуі тиіс, бұл мерзім өткеннен кейін, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасының мөлшерімен келіседі деп саналады.

## 9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 9.1.** Тараптар Полистен туындайтын дауларды келіссөздер арқылы шешеді. Олар келісімге келмеген кезде, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен соттың қарауына тапсырылады.

## 10. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

- 10.1.** Тараптар үшінші тұлғаларға, солардың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына қызметтік және коммерциялық ақпарат құпиясын немесе жариялануы Тараптардың біріне немесе олардың бірлескен қызметіне зиян келтіруі мүмкін өзге мәліметтерді бермеуге міндеттенеді.
- 10.2.** Егер Тараптардың қосымша жазбаша келісінде өзгесі ескертілмесе, Полис бойынша құқықтар мен міндеттердің басқа тұлғаларға өтуіне жол берілмейді.
- 10.3.** Полисте көзделмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
- 10.4.** Полиске барлық өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың қосымша келісім жасасуы арқылы енгізіледі. Келесі жағдайларда Полиске өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі:
- 10.4.1.** Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы ауысқан кезде;
  - 10.4.2.** сақтандыру тәуекелінің дәрежесі өзгерген кезде;
  - 10.4.3.** Тараптардың Полис бойынша құқықтары мен міндеттері өзгерген кезде;
  - 10.4.4.** кез келген өзге сақтандыру талабы мен Полистің ережесі өзгерген кезде.
- 10.5.** Сақтанушының өтініші, Полистің қосымшалары оның ажырамас бөліктері болып саналады.